



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТЫН ІСКЕ
АСЫРУ АЯСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ
МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международной научно-практической конференции
«ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОГО ПРАВА В
СВЕТЕ РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВОВОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»**



COLLECTION OF MATERIALS

**of the International Scientific and Practical Conference
«PROBLEMS AND PROSPECTS OF THE DEVELOPMENT OF CRIMINAL
LAW FROM THE VIEWPOINT OF IMPLEMENTATION OF LEGAL
POLICY OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN»**

НУР-СУЛТАН - 2021

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ
САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУ АЯСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ДАМУ
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международной научно-практической конференции
«ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОГО
ПРАВА В СВЕТЕ РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВОВОЙ ПОЛИТИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**COLLECTION OF MATERIALS
of the International Scientific and Practical Conference
«PROBLEMS AND PROSPECTS OF THE DEVELOPMENT OF
CRIMINAL LAW FROM THE VIEWPOINT OF
IMPLEMENTATION OF LEGAL POLICY OF REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN»**



УДК 343.2/.7 (574) (075.8)
ББК 67.408 (5Қаз) я73

Редакционная коллегия

Нурмагамбетов А.М. – доктор юридических наук, профессор, заведующий кафедрой гражданского, трудового и экологического права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Сембекова Б.Р. – кандидат юридических наук, профессор, заведующая кафедрой уголовно-правовых дисциплин ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Тлепина Ш.В. – доктор юридических наук, профессор, заведующая кафедрой международного права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Галиакбарова Г.Г. – PhD, и.о. доцента кафедры гражданского, трудового и экологического права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Балгынтаев А.О. – PhD, заместитель декана по научной работе юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Мергембаева Н.Б. – кандидат юридических наук, доцент кафедры уголовно-правовых дисциплин ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Қ18

«Қазақстан Республикасының құқықтық саясатын іске асыру аясындағы қылмыстық құқықтың мәселелері мен дамыту перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектер жинағы = Сборник материалов международной научно-практической конференции «Проблемы и перспективы развития уголовного права в свете реализации правовой политики Республики Казахстан» = Collection of Materials of the International Scientific and Practical Conference «Problems and Prospects of the Development of Criminal Law from the Viewpoint of Implementation of Legal Policy of Republic of Kazakhstan». – Нұр-Сұлтан: «Булатов А.Ж.» жеке кәсіпкер, 2021. = Нур-Султан: ИП «Булатов А.Ж.», 2021. = Nur-Sultan: Imprenditore individuale «Bulatov A.Zh.», 2021. – 330 б. (с., р.)

ISBN 978-601-337-619-6

На международную научно-практическую конференцию представлены 60 научных статей, из них 47 статей – учеными, научными и практическими работниками и 13 статей – молодыми учеными.

На конференции наряду с казахстанскими учеными, приняли участие представители зарубежных государств, в том числе из Азербайджана, Белоруссии, Киргизии, Литвы, Польши, России, Швейцарии, Эстонии.

Научные доклады подготовлены в соответствии с темой конференции, посвящены вопросам развития и совершенствования уголовного и иных отраслей права, анализу законодательств Казахстана и некоторых зарубежных стран. Также в них исследованы актуальные вопросы и перспективы совершенствования правовых отношений в свете реализации правовой политики Республики Казахстан.

УДК 343.2/.7 (574) (075.8)
ББК 67.408 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-619-6

ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУ ИНСТИТУТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАЗА ЖҮЙЕСІНДЕ

Нұридин Сандұғаш Нұридинқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-ші курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

E-mail: nuririn2019@list.ru

(Научный руководитель – Сембекова Б.Р.)

Қылмыстық-құқықтық жазалау және оны орындау жүйесі қылмыстық және қылмыстық-атқару құқығы институттарының бірі болып табылады. Ол, қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылатын мемлекеттік ықпал ету шаралары шеңберіндегі мемлекеттің қылмыстық саясатының бағыты мен мазмұнын қамтиды.

Сонымен қатар, қылмыстық жазалау қылмыстардың алдын-алудың бір ғана жолы деп қарастырған дұрыс емес, өркениетті, мәдениетті қоғамда жаза қылмыстылықпен күресудегі негізгі құрал бола алмайды. Ол дегеніміз - қылмыстық әрекет жасаған адамға заңда көрсетілген жазаны қолдану арқылы, қайта сол әрекетті жасамауына заңмен кепіл бере алмаймыз.

Дегенменде, біз заңда жазылған жаза туралы ұғымды әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру теориясы толық қамтылған деген ойға, белгілі ресейлік заңгер-ғалым И.Я Фойницкий жаза-қылмыстық әрекетті жасаған адамға қолданылатын мәжбүрлеу, қиыншылық немесе азап шегу туралы уәде беру немесе себепші ету, мүлкіне, бостандығына, ар-намысына, құқықтық қабілетіне, дене бітіміне, кейде тіпті өміріне де қарсы бағытталған деп, өз ойын қосқан [1;9]. Алайда біздің көзқарасымыз бойынша, заң шеңберінде қарастырылған қылмыстық әрекеттерге объективті тұрғыда қылмыс деңгейіне қарай тиісті жазалау шаралары қолданылуы қажет.

Осыдан келе сот шешімімен қылмыстық жауаптылықтан шартты түрде мерзімінен босатылғанның өзінде, адам толығымен жазадан босатылып шықты деген ұғымды білдірмейді, сондай-ақ адам шартты түрде босатылу шешімінен кейінгі мерзімде қайта заңға қайшы әрекет жасамауына міндеттеледі.

ҚР ҚК 39-бабына сәйкес «1. Жаза дегеніміз – сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодексте көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады.

2. Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді» [2].

Бұрын, атап айтқанда, 1997 ж. ҚР ҚК қабылдағанға дейін әрекет еткен ҚазКСР ҚК 20-бабы, жаза жасалған қылмысы үшін жазалау болып қана қоймай, сотталғандарды еңбекке адал қарау, заңдарды дәл орындау, социалистік қоғамдық өмір ережелерін құрметтеу рухында түзеу және қайта тәрбиелеу, сондай-ақ сотталғандардың да, өзге адамдардың да жаңа қылмыстар жасауының алдын алу мақсаты болып табылатынын айтқан. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді [3].

Заңды, негізделген және әділ жаза тағайындау қылмысқа қарсы күрестің және құқықтық тәртіпті нығайтудың маңызды құралы болып табылады, қажетті жазалау әсерін қамтамасыз етеді, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге, сотталғандарды түзетуге, сондай-ақ сотталғандардың да, өзге адамдардың да қылмыс жасауының алдын алуға ықпал етеді [4;146].

Біздің ойымызша, жаза, мәні бойынша, мемлекеттің қылмыстық жазалау шарасы болып табылады. Алайда жазаны (қылмыскерді азаптау, қиыншылыққа қалдыру) сазайын тартқызу мақсаты ретінде қарастыруға болмайды. Жазаның маңызды мақсаты – сотталушыны заңдылық, адамгершілік, әділеттілік және жазаны даралау қағидаттары негізінде түзету немесе қайта тәрбиелеу. Бұл ретте сот үкімі бойынша тағайындалған жазаны өтеу кезінде сотталған адамды түзеу, басты шарттардың бірі ретінде оған жазадан мерзімінен бұрын босатуға құқық пен мүмкіндік береді.

Берілген мақала аясында біз мерзімінен бұрын босатудың бір түрі ретінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы айтатын боламыз.

Мәселен, жазалау мақсаттарына қол жеткізілген немесе қандай да бір жаңадан пайда болған мән-жайларға байланысты адам қоғам үшін қауіпті болуды тоқтатқан, заңда көзделген бірқатар жағдайларда мерзімінен бұрын босатудың басқа түрлеріне қарағанда шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылады (ҚР ҚК 72-б.). Атап айтқанда: шартты түрде мерзімінен бұрын босату сотталған адам келесі мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін ғана қолданылуы мүмкін:

1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін;

2) ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын;

3) аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін;

3-1) егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші осы баптың жетінші бөлігінің 1 және 2-тармақтарында көзделген негіздер бойынша жойылған жағдайда, жазаның қалған өтелмеген мерзімінің кемінде үштен екісін;

4) егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші осы баптың жетінші бөлігінің 3-тармағында көзделген негіздер бойынша жойылған болса, жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін іс жүзінде өтегеннен кейін;

5) сотталған адам процестік келісімнің барлық шарттарын орындаған жағдайда, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін не аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын қамтуға тиіс.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге қолданылуы мүмкін:

1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін;

2) ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін;

3) адамның өміріне қолсұғушылықпен ұштаспайтын аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін, сондай-ақ егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші осы баптың жетінші бөлігінің 1 және 2-тармақтарында көзделген негіздер бойынша жойылған болса;

4) адамның өміріне қолсұғушылықпен ұштасқан аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін, сондай-ақ егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші осы баптың жетінші бөлігінің 3-тармағында көзделген негіз бойынша жойылса;

5) сотталған адам процестік келісімнің барлық шарттарын орындаған жағдайда, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін не аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін іс жүзінде өтегеннен кейін босатылады.

5. Сотталған адамның бас бостандығынан айыруды нақты іс жүзінде өтеген мерзімі алты айдан кем болмауы тиіс [3].

Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі сотталғандар үшін олардың оң мінез-құлқындағы қуатты ынталандыру болып табылады. Жаңылыс басқан адамдар қалыпты өмірге оралу үшін жақсы жаққа өзгеруге деген үміт пен ұмтылысқа ие болады.

Сотталған адамды сот үкімімен белгіленген бас бостандығынан айыру мерзімі өткенге дейін босату мүмкіндігін сотталған адамның жазасын өтеу орны бойынша сот шешеді. Осы мәселені қарау үшін негіз түзеу мекемесі әкімшілігінің сотқа ұсынуы болып табылады.

Егер бұрын сотталғандарды жазадан мерзімінен бұрын шартты түрде босату үшін оларға қатысты мәселелер қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері әкімшілігінің ғана құзыретінде болса, 2011 жылғы 9 қарашадағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына сәйкес шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатты мәлімдеуге сотталған адамның да құқығы бар [5].

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтініштерді сотталғандар, әдетте, түзеу мекемесінің әкімшілігі арқылы, яғни ҚР ҚАК-нің 162-бабында жазылған осы қолдаухаттармен жұмыс істеу тәртібіне сәйкес береді [6].

Сондай-ақ, ҚР ҚК-нің 72-бабының 2-бөлігіне сәйкес, бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде сот ҚР ҚК-нің 44-бабының 2-бөлігінің қағидалары бойынша пробациялық бақылау белгілейді. Оны ішкі істер органдарының полиция қызметкерлері ҚР ҚАК 169-бабына сәйкес «шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның мінез-құлқына пробациялық бақылауды» жүзеге асырады.

2016 жылғы 8 желтоқсанда Ұлт Жоспарының 33-қадамын іске асыру шеңберінде Ішкі істер министрлігі Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017-2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясын әзірлеп, бекітті [7].

Алайда, түзеу мекемелері мен пробация қызметінің практикалық қызметінде сотталушының қандай да бір дәрежеде түзетілуінің болуы туралы мәселені шешу кейде біршама қиындықтар туғызады. Сонымен қатар, пробациялық бақылаудың мақсаты әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзету, қылмыстық әрекеттің қайта жасалуын болдырмау, шартты түрде сотталған адамдардың заңда немесе сотта белгіленген міндеттердің орындалуын бақылау арқылы жалпы қабылданған әлеуметтік, моральдық және құқықтық нормаларды сақтауы болып табылады. Олар құқық қорғау органдарының қызметкерлері сотталғандарға түзету құралдары қаншалықты әсер еткенін және олардың қоршаған ортаға және қоғамдағы өмірге деген көзқарасын өзгерткенін әрдайым дәл анықтай алмайтындығына байланысты болуы мүмкін. Сотталғандар – бұл, ең алдымен, белгілі бір мінез-құлқы мен тәрбиесі бар адамдар, яғни бір кездері сүрінген, алайда түзету жолына түсе алатын адам. Түзету дәрежесін бағалау – сотталушының жеке басын зерттеу бағыттарының бірі.

Бүгінгі таңда іс жүзінде тек түзеу мекемелерінде ғана емес, пробация қызметінде де, кейде соттарда да шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде мұндай бағалау көбінесе ресми және біржақты түрде жүргізіледі. Осылайша, жүргізілген түзеу әсерінің салдарларын тануға және белгілеуге бағытталған жұмыс тиісті түрде ұйымдастырылмайды, яғни қылмыстық жазаны қолдану мақсаттарының бірі — сотталғандарды түзеуге қол жеткізу нәтижелері зерттелмейді. Бұл сондай-ақ ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті Басқармасының деректерімен расталады. Деректерге сәйкес, 2015 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде түзеу мекемелерінде, оның ішінде мекеме аумағынан тыс жерлерде сотталғандар жасаған құқық бұзушылықтар санының біресе азаюы, біресе көбеюі байқалады. 2015 жылы 156, 2016 жылы — 136, 2017 жылы — 184, 2018 жылы — 178, 2019 жылы — 153, 2020 жылы — 197 құқық бұзушылық тіркелді.

Сондай-ақ Қазақстан әлемдегі түрме халқының саны бойынша қазіргі уақытта 68 орында (қылмыстық — атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатындар саны 2019 жылы 29913 адамды, 2018 жылы — 35351 адамды, 2017 жылы-36343 адамды құрады). 2010 жылы біздің республикамыз түрме халқының саны бойынша әлемде 13-ші орынға ие болды.

Түрме халқының азаюы пробация қызметінде есепте тұрған сотталғандар санының өсуіне әсер етті. Егер 2017 жылы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың саны 50000-нан астам болса, 2018 жылы 53000-нан астам және 2019 жылы 55000-нан астам адам болды [8].

Қорытындылай келе, шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты қылмыстық-құқықтық жаза жүйесінде маңызды орын алатындығын атап өткім келеді, өйткені адамды қылмыстық-мерзімінен бұрын босатудың негізгі оны түзету, демек, қайта тәрбиелеу болып табылады. Сонымен қатар, жазаның маңызды мақсаты – сотталушыны заңдылық, адамгершілік, әділеттілік және жазаны даралау қағидаттары негізінде түзету немесе қайта тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Фойницкий И.Я. Учение о наказании в связи с тюрьмоведением. — М., 2000. С. 9.
2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (02.07.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) // <https://online.zakon.kz>
3. 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Қылмыстық Кодексі (өзгерістер мен толықтырулармен). ҚР 16.07.97 ж. № 168-1 «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін қолданысқа енгізу туралы» Заңымен Күші жойылды // <https://online.zakon.kz>
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсініктеме. Жалпы және ерекше бөліктер / жалпы. Ред. и. Ш. Борчашвили. Бас. 2-е. - Алматы: Жеті Жарғы, 2007. 146 б.
5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 9 қарашадағы № 490-IV Қазақстан Республикасының Заңы // <https://online.zakon.kz>
6. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V Қылмыстық-атқару кодексі (09.06.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) // <https://online.zakon.kz>
7. Қазақстан Республикасында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017-2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 387 Жарлығы // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000387/history>.
8. Халықаралық түрмелерді зерттеу орталығының мәліметтері // <https://www.zakon.kz/4902362-kazakhstan-po-prezhnemu-nahoditsya-sredi.html>

УДК 349.41

КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ОХРАНЫ ЗДОРОВЬЯ КАЗАХСТАНСКИХ ГРАЖДАН

Олжабаева Ксения Булатовна

докторант юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Нур-Султан, Казахстан

E-mail: xeniya_ast@mail.ru

Социально-экономические преобразования, проводимые в Казахстане, имеют конечную цель – обеспечить свободное развитие личности, создать благоприятные условия для её всестороннего развития. В связи с этим, перед правом встаёт актуальная задача, - как наиболее эффективно защитить различные блага, принадлежащие личности. Учитывая большую социальную ценность, среди этих благ выделяются те блага, которые неотделимы от человека. Одним из них является его здоровье, определяющее естественную и социальную сущность гражданина, являющееся одним из важных объектов правовой защиты [1]. Поэтому право на охрану здоровья получило закрепление в ст. 29 Конституции Республики Казахстан,